



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 6 наурыз

### Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін базалық мөлшерлеме мәніне теңестіру туралы

2017 жылғы 24 ақпанда ҚР Ұлттық Банк Басқармасының ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін және базалық мөлшерлемені конвергенциялау (яғни теңестіру) тетігі туралы [қаулысы](#) қабылданды. Мөлшерлемелерді конвергенциялау бойынша шешім 2016 жылғы қарашада Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясатының 2017 жылға арналған негізгі бағыттары шеңберінде жарияланды.

2017 жылғы 1 сәуірден бастап ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мәні базалық мөлшерлеменің мәніне теңестіріледі. Бұдан әрі базалық мөлшерлемені өзгерту ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін автоматты түрде және синхронды өзгертуге әкеліп соғады.

Мөлшерлемелерді конвергенциялау туралы шешім экономиканың түрлі сегменттерінде ақшаның құнын теңестіру мақсатында қабылданды. Қазіргі уақытта ақша нарығындағы ақша құны базалық мөлшерлемемен (қазіргі сәтте – **11%**) айқындалады. Бұл ретте ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің зиянды өтеу, жіберіп алған пайданы есептеу үшін өсімпұл, айыппұл есептеген кездегі азаматтық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық қатынастарда пайдаланылатын, **5,5%** мөлшеріндегі ағымдағы деңгейі ақшаның нақты құнын көрсетпейді.

Бұл ретте, нарықтағы аталған теңгерімсіздікті жою үшін неғұрлым оңтайлы тәсіл таңдалғанын атап өту қажет – мөлшерлемелер арасындағы айырма ең аз болып отыр.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)